

Тұрмысы төмен азаматтарды қолдау жөніндегі Жалпыұлттық қор құру жөніндегі шаралар туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысы 1998 жылғы 22 қаңтардағы N 32

Тұрмысы төмен азаматтарды әлеуметтік қолдауды күшейту және "Тұрмысы төмен азаматтарды қолдау жөніндегі Жалпыұлттық қор туралы" Қазақстан Республикасы Президентінің 1997 жылғы 10 желтоқсандағы 3791 U973791_ Жарлығын іске асыру мақсатында Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1. Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің Мемлекеттік мүлік және жекешелендіру департаменті он күндік мерзім ішінде:

заңдарда белгіленген тәртіппен Тұрмысы төмен азаматтарды қолдау жөніндегі Жалпыұлттық қордың (бұдан әрі - Қор) құрылтайшысы болсын;

Қорды Ақмола қаласында үй-жаймен қамтамасыз етсін.

2. Қазақстан Республикасы Президентінің алдында Мемлекет басшысының Қордың Қамқоршылық кеңесін басқаруы туралы өтініш жасасын.

3. Тұрмысы төмен азаматтарды қолдау жөніндегі Жалпыұлттық қордың Жарғысы мақұлданын (қоса беріліп отыр).

4. Тұрмысы төмен азаматтарды қолдау жөніндегі аймақтық қордың Үлгі жарғысы бекітілсін (қоса беріліп отыр).

5. Облыстар мен Алматы қаласының әкімдері он күндік мерзім ішінде "Зейнеткерлерді және халықтың табысы аз жіктерін әлеуметтік қорғау жөніндегі аймақтық қайырымдылық қорларын құру туралы" Қазақстан Республикасы Президентінің 1994 жылғы 15 шілдедегі N 1805 U941805_ Жарлығының негізінде құрылған зейнеткерлерді және халықтың табысы аз жіктерін әлеуметтік қорғау жөніндегі аймақтық қайырымдылық қорларын олардың қызметін одан әрі Үлгі жарғының негізінде жүзеге асыру арқылы, тұрмысы төмен азаматтарды қолдау жөніндегі аймақтық қорларға қайта ұйымдастыруды аяқтасын.

6. Ақмола қаласының әкімі екі апталық мерзім ішінде Ақмола

қаласының тұрмысы төмен азаматтарын қолдау жөнінде құрылған аймақтық қордың жарғысын тұрмысы төмен азаматтарды қолдау жөніндегі аймақтық қордың Үлгі жарғысына сәйкес келтіруді қамтамасыз етсін.

Қазақстан Республикасының
Премьер-Министрі

Қазақстан Республикасы
Үкіметінің
1998 жылғы 22 қаңтардағы
N 32 қаулысымен
мақұлданған

ТІРКЕЛГЕН Құрылтайшылар жиналысы
БЕКІТКЕН

1998 жылғы "___" _____ 1998 жылғы "___" _____
N _____ куәлік N _____ хаттама

Тұрмысы төмен азаматтарды қолдау жөніндегі
Жалпыұлттық қордың
(қоғамдық Қор нысанындағы)

ЖАРҒЫСЫ

Ақмола, 1998

1-бап

ЖАЛПЫ ЕРЕЖЕЛЕР

1.1. Қоғамдық қордың атауы:

Орыс тілінде: "Общенациональный фонд по поддержке
малообеспеченных граждан"

Қазақ тілінде: "Тұрмысы төмен азаматтарды қолдау жөніндегі
Жалпыұлттық қор"

1.2. Қоғамдық қордың заңды мекен-жайы: Қазақстан Республикасы,
Ақмола қаласы, _____

2-бап

ҚОРДЫҢ ЗАҢДЫҚ МӘРТЕБЕСІ

2.1. Тұрмысы төмен азаматтарды қолдау жөніндегі Жалпыұлттық қор (бұдан әрі -

Қор) Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексіне және Қазақстан Республикасының басқа да заңдарына сәйкес қоғамдық қордың ұйымдастыру-құқықтық нысанында құрылған мүшелігі жоқ дербес, коммерциялық емес ұйым болып табылады.

2.2. Қор Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес өзінің мемлекеттік тіркелген сәтінен бастап заңды тұлға құқығына ие болады. Дербес балансы, банктік шоттары, өзінің атауы жазылған дөңгелек мөрі, мөртаңбалары, бланкілері мен эмблемасы бар.

2.3. Қор өзінің міндеттемелері бойынша Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес өндіріп алу қолданылуы мүмкін өзінің мүлкінің шектерінде ғана жауапкершілікте болады.

2.4. Мемлекет, оның органдары мен ұйымдары Қордың мемлекеттің, оның органдары мен ұйымдарының міндеттемелері бойынша жауап бермейтіні секілді Қордың міндеттемелері бойынша жауап бермейді.

2.5. Қордың заңды тұлға құқығындағы бөлімшелері Қордың оның заңды тұлға құқығы бар бөлімшелерінің міндеттемелері бойынша жауап бермейтіні секілді Қордың міндеттемелері бойынша жауап бермейді.

2.6. Қор Құрылтайшыларының міндеттемелері бойынша жауап бермейтіні секілді Құрылтайшыларының міндеттемелері бойынша жауап бермейді.

3-бап

ҚЫЗМЕТІНІҢ НЕГІЗГІ БАҒЫТТАРЫ, МАҚСАТТАРЫ МЕН НЫСАНАСЫ

3.1. Қор қызметінің негізгі бағыттары мыналар болып табылады:
тұрмысы төмен азаматтарға материалдық және қаржы ресурстарын беру;
тұрмысы төмен азаматтарға қызмет көрсету (жұмыстар жүргізу);
әлеуметтік бағдарламаларды іске асыруға жәрдемдесу;
тұрмысы төмен азаматтарды қолдау жөніндегі аймақтық қорлардың қызметін үйлестіру және бақылау.

3.2. Қор тұрмысы төмен азаматтарды әлеуметтік қолдауды күшейту және "Тұрмысы төмен азаматтарды қолдау жөніндегі Жалпыұлттық қор құру туралы" Қазақстан Республикасы Президентінің 1997 жылғы 10 желтоқсандағы N 3791

Жарлығын іске асыру мақсатында құрылады.

3.3. Қор қызметінің нысанасы мыналар болып табылады:
қаржы қаражатын, сондай-ақ ерікті қайырмалдықтар мен ізгілік көмегі түрінде берілетін басқа да мүлікті жинақтау;
тұрмысы төмен, кедей және қараусыз қалған азаматтарды қолдау жөніндегі бағдарламаларды әзірлеуге қатысу;
мейлінше тұрмысы төмен азаматтарға шағын несие беру;
Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігімен, барлық деңгейдегі әкімдермен тұрмысы төмен азаматтарды қолдау мәселелері бойынша өзара іс-қимыл ж а с а у ;
жалғыз басқа кедейлер мен үйсіз адамдар үшін қайырымдылық түстіктерін ұ й ы м д а с т ы р у ;
қаржы қаражатын жинау үшін қайырымдылық кештерін және басқа да шараларды ұ й ы м д а с т ы р у ;
тұрмысы төмен азаматтарды қолдау жөніндегі аймақтық қорлардың қызметін ү й л е с т і р у ж әне б а қ ы л а у ;
халықаралық және шетелдік ұйымдармен, қазақстандық мемлекеттік ұйымдармен және қоғамдық бірлестіктермен тұрмысы төмен азаматтарды қолдау тұрғысында ы н т ы м а қ т а с т ы қ т ы жүзеге асыру;
бизнес-орталықтарды және шағын кәсіпкерліктің инкубаторларын, консультациялық, оқу-әдістемелік, лизингтік және шағын кәсіпкерлік саласындағы өзге де нарықтық инфрақұрылымдарды дамытуға жәрдемдесу;
шағын несие беруді ұйымдастыру үшін тұрмысы төмен азаматтарды кәсіптік бағдарлау, даярлау және біліктілігін арттыру жөнінде жұмыс жүргізу;
тұрмысы төмен азаматтарды қолдау мәселелері жөнінде қолданылып

жүрген заңдарға қайшы келмейтін басқа да шараларды жүзеге асыру.

3.4. Қор өз қызметінің мақсаттарымен және нысанасымен тікелей немесе жанама байланысты немесе осындай қызмет мақсаттары мен нысанасына, не ол қатыса алатын кез келген ұйымның мақсаты мен нысанасына қол жеткізуге жәрдемдесетін барлық операциялармен және мәмілелермен айналыса алады.

3.5. Қордың қызмет мерзімі шектелмейді.

4-бап

ҚОРДЫҢ ҚҰҚЫҚТАРЫ

4.1. Қор Қазақстан Республикасының заңдарында қоғамдық қорлар

үшін көзделген барлық құқықтарға, сондай-ақ Қазақстан Республикасының заңдарымен тыйым салынбаған Қордың кез келген қызметін жүзеге асыру үшін қажетті немесе тиісті барлық құқықтарға ие.

4.2. Қордың Қазақстанның аумағында және одан тыс жерлерде өкілдіктер, филиалдар мен басқа да бөлімшелер құруға құқығы бар.

5-бап

ҚОРДЫҢ МЕНШІГІ

5.1. Қор өзіне Құрылтайшылары берген мүліктің (жарғы капиталы), ерікті қайырмалдықтар түрінде берілген мүліктің, сондай-ақ Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес сатып алынған басқа да мүліктің меншік иесі болып табылады.

5.2. Қордың жарғы капиталы Құрылтайшылары құрады және ол Қордың меншігіне іс жүзінде берілген (есептелген) сәтке дейін ғана болады.

5.3. Қордың Құрылтайшыларының жарғы капиталын қоса алғанда, қордың мүлкіне мүліктік құқықтары жоқ.

6-бап

ҚОРДЫҢ ҚҰРЫЛТАЙШЫЛАРЫ

Қазақстан Акционерлік Халықтық Жинақ Банкі мен Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігі Мемлекеттік мүлік және жекешелендіру департаменті Қордың Құрылтайшылары болып табылады.

7-бап

ҚОРДЫҢ ҚАМҚОРШЫЛЫҚ КЕҢЕСІ

7.1. Қамқоршылық кеңесі Қордың және тұрмысы төмен азаматтарды қолдау жөніндегі аймақтық қорлардың жоғары органы болып табылады.

7.2. Қамқоршылық кеңесінің құрамы:

Қазақстан Республикасының Президенті Қамқоршылық кеңесінің төрағасы болып табылады;

Қамқоршылық кеңесінің жеке құрамы Қазақстан Республикасы Президентінің өкімімен бекітіледі.

7.3. Қамқоршылық кеңесін шақыру және кворум:

Қамқоршылық кеңесінің отырыстары қажеттілігіне қарай, бірақ тоқсанына кемінде бір рет шақырылады;

Қамқоршылық кеңесінің отырыстары егер оларға Қамқоршылық кеңесі мүшелерінің кемінде үштен екісі қатысса құқықтық өкілетті деп саналады;

Қамқоршылық кеңесінің отырыстарын оның төрағасы немесе орынбасары жүргізеді;

Қамқоршылық кеңесі отырысының кезінде хаттама жүргізіледі, оған Қамқоршылық кеңесінің барлық қатысушы мүшелері қол қояды.

7.4. Дауыс беру:

Қамқоршылық кеңесінің әрбір мүшесі бір дауысқа ие;

Қорды тарату немесе қайта ұйымдастыру туралы мәселелерді шешу үшін Қамқоршылық кеңесі мүшелерінің бірауызды шешім қабылдауы талап етіледі; шешімдер отырысқа қатысушы Қамқоршылық кеңесі мүшелерінің жай көпшілік даусымен ашық дауыс беру арқылы қабылданады;

дауыс беру кезінде дауыстар тең болған жағдайда, төрағаның дауысы шешуші болып табылады.

7.5. Қамқоршылық кеңесінің осы Жарғының ережелеріне сәйкес, егер бұл Қазақстан Республикасының заңдарымен тыйым салынбаған жағдайда мынадай мәселелерді шешуге құқықтық өкілеттігі бар:

1) Қордың және тұрмысы төмен азаматтарды қолдау жөніндегі аймақтық қорлар қызметінің нәтижелері туралы жылдық есептерді және өзге де есептерді қарау және бекіту;

2) Қордың Атқарушы директорын, тұрмысы төмен азаматтарды қолдау

жөніндегі аймақтық қорлардың атқарушы директорларын қызметке тағайындау және қызметтен босату;

3) Қордың төрағасын және Тексеру комиссиясының мүшелерін сайлау;

4) Қордың аппаратының және тұрмысы төмен азаматтарды қолдау жөніндегі аймақтық қорлар аппараттарының құрылымын, штат санын, еңбекақы қорын, сондай-ақ Тексеру комиссиялары мүшелерінің еңбекақы

қорын бекіту;

5) Қордың Жарғысын өзгерту;

6) Қордың және тұрмысы төмен азаматтарды қолдау жөніндегі аймақтық қорлардың қызметін тоқтату туралы мәселелерді шешу, тарату комиссиясын тағайындау, тарату балансын бекіту;

7) Қазақстан Республикасының заңдарына қайшы келмейтін басқа да мәселелер.

8-бап

АТҚАРУШЫ ДИРЕКЦИЯ

8.1. Атқарушы дирекция Қордың атқарушы органы болып табылады.

8.2. Осы Жарғының 7-бабында көзделген Қамқоршылық кеңесінің құзыретіне кіретін мәселелерді қоспағанда, Атқарушы дирекция Қордың қызметіне байланысты барлық мәселелерді шешеді, оның ішінде:

1) кедейлер мен үйсіздерге көмек беру бағдарламаларын іске асыруға қатысады;

2) Қордың және тұрмысы төмен азаматтарды қолдау жөніндегі аймақтық қорлардың перспективалық және кезекті міндеттерін белгілейді;

3) Қордың қаржылары мен материалдық құралдарына билік етеді;

4) Қор қызметінің нәтижелері туралы жылдық есептерді және тұрмысы төмен азаматтарды қолдау жөніндегі аймақтық қорлар қызметінің нәтижелері туралы жиынтық есептерді әзірлеп, оларды Қамқоршылық кеңесінің бекітуіне ұсынады;

5) өз құзыретінің шегінде Қордың және тұрмысы төмен азаматтарды қолдау жөніндегі аймақтық қорлардың қызметіне жататын мәселелер бойынша қажетті ережелер мен нұсқаулықтарды әзірлейді және бекітеді;

6) ұйымдармен Қордың құзыретіне жататын мәселелер бойынша белгіленген тәртіппен ынтымақтастық жасайды;

7) тұрмысы төмен азаматтарды қолдау жөніндегі аймақтық қорлардың қызметін үйлестіруді және олардың қаражатының жұмсалуды бақылауды қоса алғанда, олардың қызметіне ағымдағы бақылауды жүзеге асырады.

Қамқоршылық кеңесі өз құзыретінің шегіндегі кез келген мәселелерді Атқарушы директордың және/немесе сарапшылар тобының және/немесе Қордың басқа да лауазымды адамдарының шешуі үшін беруге құқылы.

8.3. Атқарушы дирекцияны Қордың құрылтай отырысында бес жыл мерзімге тағайындалатын Атқарушы директор басқарады. Атқарушы директорды жаңа мерзімге қайта тағайындау немесе жаңа Атқарушы директорды тағайындалуы осы Жарғының

ережелеріне сәйкес Қамқоршылық кеңесі жүзеге асырады.

8.4. Қордың Атқарушы директоры:

1) арнайы сенімхатсыз Қордың атынан іс-қимыл жасайды, барлық

отандық және шетелдік органдар мен ұйымдарда оның мүдделерін білдіреді;

2) Қордың мүлкі мен қаражатына билік етеді, шаруашылық шарттарын жасайды, сенімхаттар береді, банктерде есеп айырысу шоттарын және өзге де шоттар ашады, штат кестесін бекітеді, бұйрықтар шығарады;

3) шаруашылық қызметінің бағыттары бойынша еңбек шарттары мен келісім-шарттарын жасайды;

4) Қордың қызметін жүзеге асыру үшін қажетті өзге де өкілеттіктерді орындайды.

9-бап

ТЕКСЕРУ КОМИССИЯСЫ

9.1. Тексеру комиссиясы Қордың бақылаушы органы болып табылады, ол:

1) Қордың және тұрмысы төмен азаматтарды қолдау жөніндегі аймақтық қорлар атқарушы дирекцияларының қаржы және шаруашылық қызметін бақылайды;

2) материалдық құндылықтардың жай-күйіне және есебіне тексеру жүргізеді;

3) Қордың және тұрмысы төмен азаматтарды қолдау жөніндегі аймақтық қорлардың атқарушы органдарындағы істердің жүру барысы мен қаралуының мерзімі мен дұрыстығын, жеке және заңды тұлғалардың өтініштерімен олардың жұмысының ж а й - к ү й і н т е к с е р е д і ;

4) Қордың қызметіне байланысты мәселелер бойынша бақылаушы органдарға ә д і с т е м е л і к к ө м е к к ө р с е т е д і ;

5) Қордың Қамқоршылық кеңесіне жүргізілген тексерістердің нәтижелерін табыс е т е д і .

9.3. Тексеру комиссиясы бес мүшеден тұрады.

9.4. Тексеру комиссиясының отырыстары қажеттілігіне қарай, бірақ жылына кемінде бір рет өткізіледі. Тексеру комиссиясының отырыстары, егер оған мүшелерінің кемінде төртеуі қатысатын болса, құқықтық күші бар.

9.5. Тексеру комиссиясының отырыстарын Төраға жүргізеді.

9.6. Тексеру комиссиясы отырыстарының кезінде хаттама

жүргізіледі, оған отырысқа қатысушы Тексеру комиссиясының барлық мүшелері қол қояды.

9.7. Тексеру комиссиясының шешімдері жай көпшілік дауыспен ашық дауыс беру арқылы қабылданады. Тексеру комиссиясының әрбір мүшесі бір дауысқа ие. Егер дауыс беру кезінде дауыстар тең болған жағдайда Тексеру комиссиясы төрағасының дауысы шешуші болып табылады.

10-бап.

ҚОРДЫҢ ҚЫЗМЕТКЕРЛЕРІ, ҚАРЖЫ-ШАРУАШЫЛЫҚ ҚЫЗМЕТІ

10.1. Қордың қызметкерлері конкурстық-шарттық негізде қалыптасады. Қордың қызметкерлерін жалдау және жұмыстан босату, еңбекақы төлеу және материалдық ынталандыру нысандары мен оның мөлшерлері мәселелерін Атқарушы дирекция шешеді.

Қор жекелеген міндеттерді орындау үшін штаттан тыс қызметкерлерді, сарапшылар мен мамандарды тартуға, сондай-ақ уақытша шығармашылық ұжымдарын құруға құқылы. Мұндай адамдардың еңбегіне ақы төлеу Қазақстан Республикасының заңдарында белгіленген тәртіпте жүргізіледі.

10.2. Қордың мақсаттарына жету және Қордың қызметінің нысанасын қамтамасыз ету үшін Қор Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес қаржы-шаруашылық қызметін жүзеге асырады.

11-бап

ҚАРЖЫ ЖЫЛЫ, ЕСЕП ЖӘНЕ ЕСЕП БЕРУ

11.1. Қордың қаржы жылы Қазақстан Республикасының заңдарында өзгеше көзделмесе, қызметінің бірінші жылы Қорды тіркеу күнінен басталып, осы жылдың отыз бірінші желтоқсанында аяқталатынын қоспағанда, әрбір күнтізбелік жылдың бірінші қаңтарынан басталады және отыз бірінші желтоқсанында аяқталады.

11.2. Қордың есеп және есеп беруі Қазақстан Республикасы

заңдарының талаптарына сәйкес жүргізіледі.

11.3. Қор өзінің мүлкін пайдалану туралы есепті Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес жариялайды.

12-бап

ҚОРДЫҢ ҚЫЗМЕТІН ТОҚТАТУ

12.1. Қордың қызметі Қамқоршылық кеңесінің шешімі бойынша немесе Қазақстан Республикасының заңдарында көзделген өзгеде жағдайларда тоқтатылады. Мұндай тоқтату Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес қайта ұйымдастыру (қосу, қосылу, қайта құру және т.б.) немесе тарату жолымен жүргізіледі.

12.2. Қорды таратуды Қамқоршылық кеңесі тағайындайтын тарату комиссиясы немесе Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес сот жүргізеді.

12.3. Тарату комиссиясы тағайындалған сәттен бастап Қордың істерін басқару жөніндегі өкілеттіктер Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес тарату комиссиясына көшеді. Тарату комиссиясы қордың мүлкін бағалайды, несие берушілерді анықтайды және олармен есеп

айырысады. Қордың үшінші тұлғалардың алдындағы борыштарын төлеуге шаралар қолданады, тарату балансын жасайды және оны бекітуге Қамқоршылық кеңесіне немесе, соттың шешімі бойынша таратылған жағдайда Қазақстан Республикасының тиісті мемлекеттік органына табыс етеді.

12.4. Қорды таратқан соң, қалған мүлік Жарғыда көзделген мақсаттарға жолданады.

Атқарушы директор

Қазақстан Республикасы
Үкіметінің
1998 жылғы 22 қаңтардағы
N 32 қаулысымен
бекітілген

ТІРКЕЛГЕН

Құрылтайшылар жиналысы

БЕКІТКЕН

1998 жылғы "___" _____ (1998 жылғы "___" _____

N _____ куәлік N _____ хаттама)

Тұрмысы төмен азаматтарды қолдау жөніндегі
аймақтық қордың (қоғамдық Қор нысанындағы)

ҮЛГІ ЖАРҒЫСЫ

Ақмола, 1998

1-бап

ЖАЛПЫ ЕРЕЖЕЛЕР

1.1. Қоғамдық қордың атауы:

Орыс тілінде: "Фонд по поддержке малообеспеченных граждан"

Қазақ тілінде: "Тұрмысы төмен азаматтарды қолдау жөніндегі қор"

1.2. Қоғамдық қордың заңды мекен-жайы: Қазақстан Республикасы,
Ақмола қаласы, _____

2-бап

ҚОРДЫҢ ЗАҢДЫҚ МӘРТЕБЕСІ

2.1. Тұрмысы төмен азаматтарды қолдау жөніндегі қор (бұдан әрі - Қор) Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексіне және Қазақстан Республикасының басқа да заңдарына сәйкес қоғамдық қордың ұйымдастыру-құқықтық нысанында құрылған мүшелігі жоқ дербес, коммерциялық емес ұйым болып табылады.

Қор "Зейнеткерлерді және халықтың табысы аз жіктерін әлеуметтік қорғау жөніндегі аймақтық қайырымдылық қорларын құру туралы" Қазақстан Республикасы Президентінің 1994 жылғы 15 шілдедегі N 1805 U941805_ Жарлығының негізінде құрылған аймақтық қайырымдылық қорының құқықтық мұрагері болып табылады.

2.2. Қор Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес өзінің мемлекеттік тіркелген сәтінен бастап заңды тұлға құқығына ие болады. Дербес балансы, банктік

шоттары, өзінің атауы жазылған дөңгелек мөрі, мөртаңбалары, бланкілері мен
э м б л е м а с ы б а р .

2.3. Қор өзінің міндеттемелері бойынша Қазақстан Республикасының заңдарына
сәйкес өндіріп алу қолданылуы мүмкін өзінің мүлкінің шектерінде ғана
жауапкершілікте болады .

2.4. Мемлекет, оның органдары мен ұйымдары Қордың мемлекеттің,
оның органдары мен ұйымдарының міндеттемелері бойынша жауап
бермейтіні секілді Қордың міндеттемелері бойынша жауап бермейді.

2.5. Қордың заңды тұлға құқығындағы бөлімшелері Қордың оның
заңды тұлға құқығы бар бөлімшелерінің міндеттемелері бойынша жауап
бермейтіні секілді Қордың міндеттемелері бойынша жауап бермейді.

2.6. Қор Құрылтайшыларының міндеттемелері бойынша жауап
бермейтіні секілді Құрылтайшыларының міндеттемелері бойынша жауап
бермейді.

3-бап

ҚЫЗМЕТІНІҢ НЕГІЗГІ БАҒЫТТАРЫ, МАҚСАТТАРЫ МЕН НЫСАНАСЫ

3.1. Қор қызметінің негізгі бағыттары мыналар болып табылады:
тұрмысы төмен азаматтарға материалдық және қаржы ресурстарын
беру;
тұрмысы төмен азаматтарға қызмет көрсету (жұмыстар жүргізу);
әлеуметтік бағдарламаларды іске асыруға жәрдемдесу.

3.2. Қор тұрмысы төмен азаматтарды әлеуметтік қолдауды күшейту және "
Тұрмысы төмен азаматтарды қолдау жөніндегі Жалпыұлттық қор құру туралы"
Қазақстан Республикасы Президентінің 1997 жылғы 10 желтоқсандағы N 3791
Жарлығын іске асыру мақсатында құрылады.

3.3. Қор қызметінің нысанасы мыналар болып табылады:
қаржы қаражатын, сондай-ақ ерікті қайырмалдықтар мен ізгілік көмегі түрінде
берілетін басқа да мүлікті жинақтау;

тұрмысы төмен азаматтарды қолдау жөніндегі бағдарламаларды әзірлеуге қатысу;
Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігімен, өкімдермен, тұрмысы
төмен азаматтарды қолдау жөніндегі Жалпыұлттық қормен тұрмысы төмен
азаматтарды қолдау мәселелері бойынша өзара іс-қимыл жасау;

жалғыз басты, кедейлер мен үйсіз адамдар үшін қайырымдылық түстіктерін ұйымдастыру ;

қаржы қаражатын жинау үшін қайырымдылық кештерін және басқа да шараларды ұйымдастыру ;

бизнес-орталықтарды және шағын кәсіпкерліктің инкубаторларын, консультациялық, оқу-әдістемелік, лизингтік және шағын кәсіпкерлік саласындағы өзге де нарықтық инфрақұрылымдарды дамытуға жәрдемдесу;

тұрмысы төмен азаматтарды кәсіптік бағдарлау, даярлау және біліктілігін арттыру жөнінде жұмыс жүргізу ;

тұрмысы төмен азаматтарды қолдау жөніндегі Жалпыұлттық қорға Қордың қаражатының мақсатты пайдаланылуы туралы есептер беру;

тұрмысы төмен азаматтарды қолдау жөніндегі Жалпыұлттық қордың аймақтағы өкілдігін жүзеге асыру ;

тұрмысы төмен азаматтарды қолдау мәселелері жөнінде қолданылып

жүрген заңдарға қайшы келмейтін басқа да шараларды жүзеге асыру.

3.4. Қор өз қызметінің мақсаттарымен және нысанасымен тікелей немесе жанама байланысты немесе осындай қызмет мақсаттары мен нысанасына, не ол қатыса алатын кез келген ұйымның мақсаты мен нысанасына қол жеткізуге жәрдемдесетін барлық операциялармен және мәмілелермен айналыса алады.

3.5. Қордың қызмет мерзімі шектелмейді.

4-бап

ҚОРДЫҢ ҚҰҚЫҚТАРЫ

Қор Қазақстан Республикасының заңдарында қоғамдық қорлар үшін көзделген барлық құқықтарға, сондай-ақ Қазақстан Республикасының заңдарымен тыйым салынбаған Қордың кез келген қызметін жүзеге асыру үшін қажетті немесе тиісті барлық құқықтарға ие.

5-бап

ҚОРДЫҢ МЕНШІГІ

5.1. Қор өзіне Құрылтайшылары берген мүліктің (жарғы капиталы),

ерікті қайырмалдықтар түрінде берілген мүліктің, сондай-ақ Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес сатып алынған басқа да мүліктің меншік иесі болып табылады.

5.2. Қордың жарғы капиталы Құрылтайшылары құрады және ол Қордың меншігіне іс жүзінде берілген (есептелген) сәтке дейін ғана болады.

5.3. Қордың Құрылтайшыларының жарғы капиталын қоса алғанда, қордың мүлкіне мүліктік құқықтары жоқ.

6-бап

ҚОРДЫҢ БАСҚАРУ ОРГАНДАРЫ

6.1. Қордың жоғары басқару органы Тұрмысы төмен азаматтарды қолдау жөніндегі Жалпыұлттық қордың Қамқоршылық кеңесі болып табылады, оның құрамы мен өкілеттіктері оның Жарғысымен белгіленген.

6.2. Атқарушы директор Қордың дара атқарушы органы болып табылады.

6.3. Қамқоршылық кеңесінің құзыретіне кіретін мәселелерді қоспағанда Атқарушы Директор Қордың қызметіне байланысты барлық мәселелерді шешеді, оның ішінде:

1) кедейлер мен үйсіздерге көмек берудің аймақтық бағдарламаларын жүзеге асыруға қатысады;

2) Қордың қаржы және материалдық құралдарына билік етеді;

3) Қордың қызметінің нәтижелері туралы жылдық есептерді әзірлейді және оларды Тұрмысы төмен азаматтарды қолдау жөніндегі Жалпыұлттық қордың Атқарушы Дирекциясына береді.

6.4. Қордың Атқарушы директорын Қамқоршылық кеңесі үш жыл мерзімге тағайындайды. Атқарушы директорды жаңа мерзімге қайта тағайындау немесе Атқарушы директоры тағайындауды Тұрмысы төмен азаматтарды қолдау жөніндегі Жалпыұлттық қордың Жарғысына сәйкес Қамқоршылық кеңесі жүзеге асырады.

6.5. Қордың Атқарушы директоры:

1) сенімхатсыз Қордың атынан іс-қимыл жасайды, барлық отандық және шетелдік ұйымдарда оның мүдделерін білдіреді;

2) Қордың мүлкіне және қаражатына билік етеді, шаруашылық шарттарын жасайды, сенімхаттар береді, банктерде есеп айырысу шоттарын және өзге де шоттарды ашады, штат кестесін бекітеді, бұйрықтар шығарады;

3) шаруашылық қызметінің бағыттары бойынша еңбек шарттарын және

келісім-шарттарын жасайды;

4) Қордың қызметін жүзеге асыру үшін қажетті өзге де өкілеттіктерді орындайды.

6.6. Қордың қызметін бақылауды Тұрмысы төмен азаматтарды қолдау жөніндегі Жалпыұлттық қордың Тексеру комиссиясы жүзеге асырады, оның құрамы мен өкілеттіктері Жарғымен белгіленеді.

7-бап

ҚОРДЫҢ ҚЫЗМЕТКЕРЛЕРІ, ҚАРЖЫ-ШАРУАШЫЛЫҚ ҚЫЗМЕТІ

7.1. Қордың қызметкерлері конкурстық-шарттық негізде қалыптасады. Қордың қызметкерлерін жалдау және жұмыстан босату, еңбекақы төлеу және материалдық ынталандыру нысандары мен оның мөлшерлері мәселелерін Атқарушы дирекция ш е ш е д і .

Қор жекелеген міндеттерді орындау үшін штаттан тыс қызметкерлерді, сарапшылар мен мамандарды тартуға, сондай-ақ уақытша шығармашылық ұжымдарын құруға құқылы. Мұндай адамдардың еңбегіне ақы төлеу Қазақстан Республикасының заңдарында белгіленген тәртіпте жүргізіледі.

7.2. Қордың мақсаттарына жету және Қордың қызметінің нысанасын қамтамасыз ету үшін Қор Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес қаржы-шаруашылық қ ы з м е т і н жү з е г е а с ы р а д ы .

8-бап

ҚАРЖЫ ЖЫЛЫ, ЕСЕП ЖӘНЕ ЕСЕП БЕРУ

8.1. Қордың қаржы жылы, егер Қазақстан Республикасының заңдарында өзгеше көзделмесе, қызметінің бірінші жылы Қорды тіркеу күнінен басталып, осы жылдың отыз бірінші желтоқсанында аяқталатынын қоспағанда, әрбір күнтізбелік жылдың бірінші қаңтарынан басталады

және отыз бірінші желтоқсанында аяқталады.

8.2. Қордың есеп және есеп беруі Қазақстан Республикасы заңдарында көзделген талаптарына сәйкес жүргізіледі.

8.3. Қор өзінің мүлкін пайдалану туралы есепті Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес жариялайды.

9-бап

ҚОРДЫҢ ҚЫЗМЕТІН ТОҚТАТУ

9.1. Қордың қызметі Тұрмысы төмен азаматтарды қолдау жөніндегі Жалпыұлттық қордың шешімі бойынша немесе Қазақстан Республикасының заңдарында көзделген өзге жағдайларда тоқтатылады. Мұндай тоқтату Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес қайта ұйымдастыру (қосу, қосылу, қайта құру және т.б.) немесе тарату жолымен жүргізіледі.

9.2. Қорды таратуды Тұрмысы төмен азаматтарды қолдау жөніндегі Жалпыұлттық қордың Қамқоршылық кеңесі тағайындайтын тарату комиссиясы немесе Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес сот жүргізеді.

9.3. Тарату комиссиясы тағайындалған сәттен бастап Қордың істерін басқару жөніндегі өкілеттіктер Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес тарату комиссиясына көшеді. Тарату комиссиясы қордың мүлкін бағалайды, несие берушілерді анықтайды және олармен есеп айырысады. Қордың үшінші тұлғалардың алдындағы борыштарын төлеуге шаралар қолданады, тарату балансын жасайды және оны бекітуге Тұрмысы төмен азаматтарды қолдау жөніндегі Жалпыұлттық қордың Қамқоршылық кеңесіне немесе, соттың шешімі бойынша таратылған жағдайда Қазақстан Республикасының тиісті мемлекеттік органына табыс етеді.

9.4. Қорды таратқан соң, қалған мүлік, Жарғыда көзделген мақсаттарға жолданады.

А т қ а р у ш ы д и р е к т о р